

## «Жұлдыздың» жарқырағанына 1 жыл толды



Егеменді ел болып, тіліміз бен дініміздің қайта оралып, қайта жаңғырғанына міне он бес жыл болады. Осы он бес жыл ішінде еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Көйінгі жылдары елбасымыз ана тілін дамыту, денсаулық және бала тәрбиесіне көп мән беріп отыр. Өйткені жаны мен төні сау адам ғана салауатты адамдар қоғамын құрай алады. Еліміздің болашағы - балаларға көп мән бермесек ертеңгі күніміз жайсыз бола-рын айтпасақ та түсінікті. Адамның мінез-құлқы, денсаулығы бала кезден бастап қалыптасады. Сондықтан баланың болашағы балабақшадан басталады. Балабақша ол - балаланың екінші жанұясы деуге болады.

Қаламызда былтыр оқу жылының басында ашылған қазақ № 5 -ші "Жұлдыз" балабақшасына бір жыл толды. "Жұлдыз" десе жұлдыздай жарқырап, атына заты сай болып отыр. Мекеме қандай салада жұмыс атқармасын, оның жұмысының алға басуы негізінен басшысына байланыста болады. Өйткені "арбаның алдыңғы доңғалағы қалай жүрсе, соңғысы да солай жүреді" демекші балабақшаның қаламыздағы балабақшалар арасындағы бүгінгі беделі басшысы Дәмен Қонайқазы Бейсембекованың тыным таппай жасаған еңбегінің жемісі десек қателеспеген болып саналамыз. Балабақшада балалардың өсіп дамуына, демалуына,

сындағы өзімен қарым-қатыныстағы адамдардан өнеге алатыны хақ.

Осы бір жыл ішінде "Жұлдыз" балабақшасы өзін қала халқына жақсы жақтарынан таныта білді. Бірнеше рет гәзет беттерінен оқып, қалалық телеарналардан да

номинациясында диплом иеленді. Жыл сайын өтетін "Сәулетай" конкурсында "Ай" хореография тобы дипломант атанса, ал балабақшаның тәрбиеленушісі Ақбота Жансұлтанова көркем сөз номинациясында лауреат атанды. Бұл конкурста балабақша "Дебютанттар" номинациясында диплом иегері болды. Сондай-ақ жуырда өткен қалалық тамыз секциясында тәрбиеші Майра Тоқсанбаева "Мектепке дейінгі кіші жаста интеллектуалды қабілетті дамытудағы ойынның ролі", ал Меруерт Есенғарина

"Мектепалды балаларының әлеуметтік бейімделу деңгейін көтеру барысындағы балабақшада педагог пен атананың бірлескен жұмысы" атты тақырыптарды талқыға салып, тәжірибе алмасты.

Былтырғы жылы балабақша ашылған кезде алты топ жұмыс жасаған болса, ал биыл жыл басында тағы да үш топ ашылып, тоғыз топ жұмыс жасайды. Олардың ішінде: 3 топ мектепалды дайындық тобы, 3 топ ересектер тобы, 1



өздеріңіз көріп, жасалып жатқан шаралардың куәгері болған шығарсыздар. Жыл бойында ата-аналар және балалар арасында "Көңілділер мен тапқырлар" атты брейн-ринг, "Әкем, шешем және мен" атты спорттық ойындар, "Жер шарында тату-тәтті тұрамыз" атты

ортаңғы топ және 2 екінші кіші топтар болып отыр. Бүгінгі күні балабақшада барлығы 240 бала тәрбиеленуде. Балабақшаның қала халқының көңілінен шыққаны соншалық қаланың түкпір-түкпірінен балаларын қала орталығындағы балабақшаға әкеледі. Бұл балабақшада қазақ балаларымен қатар бірнеше басқа



денсаулығын нығайтуына қолайлы жағдайлар жасалған. Аты аталмыш балабақшаға бара қалсаң, көз-келген адамға басшысынан бастап қызметкерлеріне дейін жылы шыраймен қарсы алып, келген жайыңды мұқият тыңдап, шамалары келгенінше жағдай жасауға тырысады. Бұл адамгершілікті көргенде тек қана осындай адамдар бала тәрбиелеу керек деген ойға келесің. Өйткені қазақтың

"Үяда не көрсө, ұшқанда соны іледі" деген нақыл сөзіне сүйенер болсақ, бала айнала-

ойын-сауық, "Сәулетай" конкурсы, "Денсаулық жолында" және де т. б. көптеген жұмыстар жасалды. Сонымен қатар қаладағы қоғамдық жұмыстарға да белсене ат салысып келеді. Ең есте қаларлық іс-шаралардың бірі "Екібастұз" балалар қорының ұйымдастыруымен "Ел бірлігі" атты әкім жұбайларымен кездесу өтті. Жаз айларында өткен "Жыл тәрбиешісі" атты конкурсқа бала тәрбиесінде тәжірибесі мол тәрбиеші - Гүлнәр Шәметқызы Әубәкірова қатысып, "Сабаққа мәдени тұрғыдан қарау"

ларымен қатар бірнеше басқа ұлттың балалары да тәрбиеленуде. Олардың көбі екінші кіші топта екен. Тәрбиеші Меруерт Есенғаринаның айтуы бойынша, келгенде бұл балалар қазақша мүлдем білмейтін, түсінбейтін, ал қазір қазақша үйреніп, тақпақ, өлеңдер айтады дейді. Бұл ана тіліміздің мәртебесінің өскендігін білдіреді. Ата-аналардың балаларын қазақ балабақшасына берудегі себебі Қазақстанда тұрақтап, еліміздің өркендеуіне үлестерін қосуға ниет еткендіктен балаларын кішкентай күнінен қазақ тіліне баулуды жөн көргендіктерін айтты.

Жылдан-жылға балабақшалардағы қазақ топтарына сұраныстар көбейіп келеді. Ата-аналардың айтуынша орыс бала бақшаларында тек қана мектепалды дайындық топтары бар. Ал кішкентай күнінен орысша шүлдірлеген бала бір жыл ішінде қазақ тілін толық меңгеру мүмкін емес. Сол себептен әр балабақшада кіші топтан бастап қазақ топтары болса екен деген ұсыныстарды да жиі кездестіреміз. Қазағымыздың б о л а ш а ғ ы - б ұ л д і р ш і н д е р і м і з д і тәртіптілікке, адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа пен имандылыққа тәрбиелейтін қазақ балабақшаларына ақ жол тілейміз. Бұдан да биік шыңдардан көріне берсін демекпіз.